

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының
балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығы

«Келісілді»
ОБЖТжЭО-ы директорының
ОТЖ орынбасары _____ А.Адилова

«Бекітемін»
ОБЖТжЭО-ң директоры
_____ Ғ.Бекқалиев

Әдістемелік кеңесте қаралып, бекітілді:

«10» қыркүйек 2020 ж.

№ 2 хаттама

«Жайық жұлдызы» туристік-өлкетану үйірмесінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
12-16 жастағы білім алушылар үшін
бағдарлама жүзеге асырылатын мерзім 1 жыл
2020-2021 оқу жылы

Қосымша білім беру педагогы: Қайрлиева Қ.Ж.

Орал 2020

Түсінік хат

Мақсаты: тәрбиеленушілерді тұлға ретінде жан-жақты дамыту:

Білімділігі: туған өлкенің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын таныту, туристік-өлкетану дағдыларынды меңгерту, мектеп, ел тарихын зерттеу, мектеп музейінің тарихын тереңдету.

Тәрбиелілігі: азаматтыққа, патриоттыққа, зеректілікке баулу.

Дамытушылығы: өзіндік бейімділіктерін қалыптастыру, ойлау қабілетін шыңдау, сыни тұрғыдан зерделеу, шығармашылық, ізденімпаздық талабын қалыптастыру.

Туристік – өлкетану қызметінің негізгі ұстанымдары арқылы:

- тұлғаның жеке басын дамытатын туристік-өлкетану ұжымын құру;
- қатысушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру, өлкетанулық іздестіру-зерттеу жұмыстары арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, ой - өрісін кеңейту;
- өзін-өзі басқаруды жетілдіру, тереңдету.

Мақсат төмендегі міндеттер:

- шығармашылық қабілетін арттырып, көшбасшылық қабілеттерін ояту;
- табиғат аясында, қиын әлеуметтік жағдайдан жол таба білуге бейімдеу;
- тәжірибелі жұмыс дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның жүзеге асырылу талаптары, материалдық базасы:

- 1) Құрал - жабдықтар: шатыр, сақтандыру құралдары, компас, карта, далалық күнделік, диктофон;
- 2) Дидактикалық қамтылу көрнекіліктері: мұрағаттық сызбалар, картиналар, деректі фильмдер, суреттер, музей жәдігерлері; есеп кітабы т.б.
- 3) Әдістемелік қамтылуы: методикалық әдебиеттер, арнаулы әдебиеттер,
- 4) Қауіпсіздік ережесі.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылардың оқу-танымдық, сарамандық қызметінің нәтижесі туристік-өлкетанулық, экологиялық тәрбие деңгейімен және күнделікті өмірдегі туристік-өлкетанулық, экологиялық сауатты жүріс-тұрыстарымен анықталады.

Оқушылар білуі тиіс: ауыл шежіресін, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың атауларын, не үшін қолдануын, қауіпсіздік ережесін білу, кіші Отаны туралы толық білу, өлке туралы іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу, мектеп музейін толықтыру

Оқу-тақырыптық жоспары

P/C	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Дәріс	Сараман Аймақта
I	Өлкетану нысандары	36		
1	Кіріспе. Үйірмені жинақтау. Өлкетану нысандары. Туристік қауіпсіздік шараларды қайталау.	6	4	2
2	Өлке тарихы.	6	2	4
3	Өлке экономикасы мен тұрғылықты халқы.	6	2	4
4	Өлке табиғаты. Табиғи-ланшарфтты нысандар. Қазақстан флорасының бай қазынасы.Қазақстан гүлдері.	6	2	4
5	Өлкенің археологиялық ескерткіштері.	6	2	4
6	Өлке мәдениеті.	6	2	4
II	Өлкетанулық дереккөздері	54		
7	Өлкетанулық библиография	6	2	4
8	Баспа деректері.	6	2	4
9	Статистикалық деректер	6	2	4
10	Картаграфиялық деректер	6	2	4
11	Мұрағаттық деректер	6	2	4
12	Ауызша деректер	6	2	4
13	Тарих-мәдени ескерткіштер	6	2	4
14	Өлкетану білімінің қайнар көзі ретінде табиғат объектілері мен өзгерістер бақылау	6	2	4
15	Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бағыттары	6	2	4
III	Мектеп музейі	12		
16	Мектеп музейінің қызметі. Мектеп музейінің заттай деректері.	4		4
17	Мектеп музейінің қор және экспозиция жұмысы	4		4
18	Мектеп музейінің жинау және зерттеу жұмысы	4		4
IV	Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы	56		
19	Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен колөнері.	8	4	4
20	Фольклорлық туындылар жинақтау: мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар	8	4	4
21	Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері.	8	4	4
22	Ұлттық тағамдар	8	4	4
23	Ұлттық ойындар түрлері.	8		8
24	«Ұлттық мерекелер – мерейім»	8	2	6
25	«Дәстүр ордасы-киіз үй» (шашақбау, бойтұмар тігу, құрақ көрпе)	8	2	6
V	Ұлы даланың дара тұлғалары	34		
26	Шығыстың ұлы ойшылы- Әл-Фараби	6	4	2
27	Өлкетанушылар еңбектері.	6	4	2
28	Батыстан шыққан қазақ батырлары.	6	4	2
29	Қазақ би шешендері	8	4	4
30	Қазақ тарихындағы әйелдер.	8	4	4
IX	Ерлігің ұрпақ есінде!	12		
31	Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай зерттеу жұмыстарын	4	2	2

	жүргізу. Мұрағатпен жұмыс жасау әдісі			
32	«Жеңісті жақындатқандар» акциясы бойынша ардагерлерге көмек ұйымдастыру, кездесу.	4	2	2
33	«Соғыстың үшбу хаттары» зерттеу жұмысы ҰОС-ң хаттарын жинақтау. Компьютерге басу. Хабарсыз кеткен солдаттардың деректерін интернет көздерінен, мұрағаттардан іздеу.	4	2	2
X	Сынақтық қорытынды жорықтар	12		
34	Жорық, экспедицияларға дайындық. Қауіпсіздік шаралары. Алғашқы дәрігерлік көмек. Жаңа маршрут құру.	8		8
35	Жорық аймағын зерттеу. Өлкетанулық ізденістер. «Ақжайықтану» экспедициясына дайындық. Жылдық қорытынды есеп	4	2	2
	Барлығы	216	80	136

Бағдарлама мазмұны

I - бөлім. Өлкетану нысандары. (36 сағ.)

1. Кіріспе. Үйірмені жинақтау. Өлкетану нысандары. Өлкетану нысандары. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы. Туристік-өлкетану қызметі. Туристік-өлкетану, туристік-экологиялық, әдеби-өлкетану, тарихи-өлкетану, экскурсиялық, географиялық бағыттарының тапсырмаларымен жұмыс. Тақырыптар беріліп, рефераттар әзірлеу. Туристік-өлкетану дағдылары мен біліктіліктері.

Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандырудың және өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер;

Қауіпсіздік шараларын қайталау. Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Жорық, экспедиция, экскурсиялар түрлері. Жорыққа дайындық. Жорық ауданын зерттеу. Топтағы міндеттерді бөлу. Жорық күнделігін жүргізу. Жорық бағдарламасын және маршруттың әзірлеу. Маршрут құжаттарын даярлау. Есепті дайындау. Туристік құрал-жабдықтар. Алау түрлерімен (шалаш, құдық, пераида, таежний, траншея, «заборчик», «решетка», «аңшының ошағы» т.б.) таныстыру, қолдалынуы, тәртібі. Жолда жүру ережесі.

2. Өлке тарихы. (6 сағ.) Өлке тарихы (тарихи оқиғалар). Орал қаласының тарихы. Батыс Қазақстан облысы аудандарының тарихы. Өлкедегі танымал адамдар. Көше атауларының тарихы. Батыс Қазақстан өңірінің қасиетті орындары. (Өңірдің қасиетті орындарына шолу жасау. Едіге, Құтқожа, Үкі би, Мәулімберді хазірет т.б. қасиетті адамдар туралы деректер) «Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды энциклопедиясына материалдар жинақтау. Республикалық маңызы бар ескерткіштер.
3. Өлке экономикасы мен тұрғылықты халқы (6 сағ.) Өлкетану экономикасы, халық шаруашылығы, пайдалы қазбалар. Халық санағы. Өлкеде тұратын халықтар тарихы. Орналасуы.

4. Өлке табиғаты. Табиғи-ланшарфтты нысандар. Қазақстан флорасының бай қазынасы. Қазақстан гүлдері. (6 сағ.) Табиғи-ландшафтты нысандар: Аққұм, Шалқар, Ешкі тау, Өлжансор, Борлы қырат, Қыземшек тауы, Торыатбас туы, Қыземшек тауы, Сарқырама, Қыз әулие, Ұзақ өмір, Егіндікөл шипалы бұлақтары, Құныскерей үңгірі, Январцева орманы, Хан тоғайы, Айдана, Ақтау-Ақшаттың тарихы, орналасу, қасиеті, маңыздылығы туралы түсінік.
5. Өлкенің археологиялық ескерткіштері. (6 сағ.) Археологтардың жұмыстарымен танысу. Археологияның зерттеу нысаны. Басты зерттеу нысаны алғашқы қауымнан, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған материалдық ескерткіштер: еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, мекен-жай, қоныстардың, керуен сарайлар мен әскери бекіністердің жұрты, үй-іші заттары, зираттар, обалар, т.б. Археологиялық ескерткіштер. Мәдени қабаттар. Теректі ауданынан табылған алтын ханшайым. Мәдениеті (ерте сарматтар мәдениеті (прохор) орта сарматтар мәдениеті (суслов) кейінгі сарматтар мәдениеті). Сарматтар мекені – Таксай қорғаны. Жерлеу дәстүрі. Зергерлік бұйымдары. III-V ғғ. зергерлік өнерге түсті металдардың ішінен алтынды көп қолдануы. Шаруашылығы. Археологиялық жорық тапсырмасымен жұмыс: «Жәдігер құпиясы жадымда!». Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат. Музей тарихы. Музейдегі ғылыми тәжірибелік жұмыстар. Музей бөлімдері. Музей жәдігерлерінің тарихы. Эссе: «Мені қызықтырған жәдігер»
6. Өлке мәдениеті. (6 сағ.) Өлке мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрыпы мен қолөнері. Зерттеуші ғалымдар еңбектері. Халықтық салт-дәстүр. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау. (Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қонақ күту, қуыс үйден құр шықпау, қолға су құю, таңғы асты тастамау...т.б.)

II. Өлкетанулық дереккөздері (54 сағ)

7. Өлкетанулық библиография (6 сағ.) Өлкетанулық бұрынғы және қазіргі кітаптар. Библиографиялық көрсеткіштер, жергілікті кітапханалар каталогы, кітап ішіндегі библиографиялық тізім, мақалаға пайдалынатын әдебиеттер тізімі, рецензия, мақаларға шолу.
8. Баспа деректері. (6 сағ.) Кітаптар, журналдар мен газеттер. Бөлінуі. Ғалымдар еңбектері. Кітапханаға саяхат.
9. Статистикалық деректер (6 сағ.) Өлкені зерттеуде мемлекеттік санақ жұмысының қажеттілігі мен маңыздылығы. Өлкенің әлеуметтік-демографиялық, ұлттық құрамы мен білімі, орналасуы мен миграциялануы. Облыстық статистика орталығына саяхат.
10. Картаграфиялық деректер (6 сағ.) Географиялық карта. Әлеуметтік-географиялық карта: саяси-әкімшілік карта, мәдени және тарихи карталар. Гипсометриалық карта. Экономикалық карта. Анықтамалық карталар. Спорттық бағдарлау.
11. Мұрағат деректері (6 сағ.) Мұрағат, жұмыс түрлері. Музейлердегі мұрағат. Өлкетану қызметін жүргізу кезіндегі мұрағаттық жазба дереккөздерінің маңыздылығы. Жұмыстану әдісі. Облыстық мұрағатқа саяхат.
12. Ауызша деректер (6 сағ.) Өлке тарихын бейнелейтін ауыз әдебиеті деректері: ертегі, аңыз, әңгімелер және әндер мен мақал-мәтелдер. Асан қайғының жер туралы айтқандары. Халық музыкасы, халық биі, халық өлеңі, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптар, салттар мен наным-сенімдер. Фольклор– халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

13. Тарих-мәдени ескерткіштер (6 сағ.) Тарихи - мәдени ескерткіштер. Өнер шығармалары. Архитектуралық ескерткіштер: монументтер, обелиск, колонналар, триумфальды аркалар мен құлпытастар т.б.
14. Өлкетану білімінің қайнар көзі ретінде табиғат объектілері мен өзгерістер бақылау (6 сағ.) Табиғаттың көрікті жерлерін анықтау. Құбылыстар мен процестерді бақылау, қорғалатын объектілерді зерттеуді үйрену, өлке аумағында табиғатты қорғау заңнамаларын орындалуын бақылау. Геологиялық бақылаулар. Ауа-райын бақылау. Өзен-көлдерді, өсімдіктерді, халық шаруашылығын зерттеу. Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. Туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау), туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары; ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;
15. Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бағыттары (6 сағ.) Зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдістері. Презентация жасаудың тәртібі. Іздестіру-зерттеу жұмысын қорғау.

III. Мектеп музейі (12 сағ)

16. Мектеп музейінің қызметі. Мектеп музейінің заттай деректері. (4 сағ.) Музей жұмысының мақсаты мен міндеттері. Қазақстандағы музей қызметі. Музей ережесі. Музейлердің классификациясы. Мемлекеттік және жеке музейлер. Музей - қорық, үй музейі, музей – көрме. Музей қызметінің негізі. «Мәдени мінез-құлық» түсінік қалыптастыру. Музейдегі мінез - құлық тәртібі.
17. Мектеп музейінің қор және экспозиция жұмысы (4 сағ.) Музей қоры. Музей қорының құрамы: негізгі және ғылыми-көмекші қор, жинақ (коллекция). Музей қоры мен коллекцияның негізгі жұмыс ұстанымдары. Мектеп музейі қорының есебін ұйымдастыру. Мектеп музейі қорын сақтауды ұйымдастыру: ылғалдылық температурасы мен жарық режимін сақтау. Мемлекеттік музейлер мен мұрағаттардағы қалпына келтіру жұмыстары. Мектеп музейінде сақтауға болмайтын жәдігерлер. Жанұялық фотоальбом. Тылда, Ұлы Отан соғысына қатысқан жақындардың құжаттары, медальдары, ордендері және т.б. наградлары.
18. Мектеп музейінің жинау және зерттеу жұмысы (4 сағ.) Естеліктер жинау және өңдеу тәртібі. Сауалнама және сұхбат жүргізу тәртібі. Сауалнама мен сұхбаттың заманауи тәртібі. Ардагерлер, жерлестермен хат алмасу: Ұлы Отан соғысына қатысушыларды ардагерлерді іздеу. Іздеу сайттарымен жұмыс. Мекен-жайларды анықтау, жауаптарды бекіту, музей қорына тапсырылатын құжаттарды рәсімдеу.

IV. Қазақтың салт-дәстүр мен әдет-ғұрпы (56 сағ.)

19. Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері туралы зерттеу жұмыстары. (8 сағ.) Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау.
20. Фольклорлық туындылар жинақтау: мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар. (8 сағ.) Халық музыкасы, халық биі, халық өлеңі, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптар, салттар мен наным-сенімдер. Фольклор–халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан

ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

18. Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері. (8 сағ.) Киізден жасалатын киімдер. Теріден жасалатын киімдер. Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон. Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шо-қай); Шоңқайма. Жүннен жасалатын киімдер. Жабағы күпі; Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық; Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем шекпен. Киімге байланысты ырымдар.

19. Іздестіру-зерттеу жұмысы: Ұлттық тағам асханасы. (8 сағ.) «Қымыздың пайдасы», еттен, сүттен жасалатын тағамдар түрлері. Іздестіру-зерттеу жұмысы: Табақ тарту

20. Ұлттық ойындар түрлері. (8 сағ.) Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты. Ұлттық ойындардың түрлері. Әбжілдік пен төзімділікке тәрбиелейтін, ат үстінде шауып келе жатып жерден - күміс алу. Ер адамдардың кеңінен тараған ойыны - көкпар тарту. Тоғыз құмалақ.

21. «Ұлттық мерекелер – мерейім» (8 сағ.) Наурыз мерекесі. Қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар мереке-тойларының ерекшеліктері.

22. «Дәстүр ордасы- киіз үй» (8 сағ.) Киіз үй тарихы. Әсемдеу үрдісі. Мүліктердің орналасу тәртібі. Шашақбау, бойтұмар тігу, құрақ көрпе.

V. Ұлы даланың дара тұлғалары (34 сағ.)

23. Шығыстың ұлы ойшылы- Әл-Фараби (870-950) (6 сағ.)

Қыпшақтан шыққан ғалымдар. Фарабидің ғылыми философиялық мирастары. Отырар қаласы. Математикалық, медициналық, музыкалық, алхимия, астрономиялық еңбектері. Педагогикалық мұрасы.

24. Қазақтың ұлы ақыны - Абай Құнанбаев. Қара сөздер мазмұны. (6 сағ.) Қазақтың Ұлы ақыны өмірбаяны, шығармашылығы. Қара сөздерінің бала тәрбиесіне пайдалылығы.

25. «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» зерттеу жұмыстары. Батыстан шыққан қазақ батырлары. (6 сағ.)

26. Зерттеу жұмыстарының бағыттары. Қазақ би шешендері. (8 сағ.)

27. Қазақ тарихындағы әйелдер. Презентация. Жұмысты қорғау. (8 сағ.)

X. Ерлігің ұрпақ есінде!

28. Ұлы Отан соғысы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу. Мұрағатпен жұмыс. «Жеңісті жақындатқандар» акциясы бойынша ардагерлерге көмек ұйымдастыру, кездесу.

29. «Жеңісті жақындатқандар!» Ұлы Отан соғысы (1941—1945) Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финляндия, Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы. Ұлы Отан соғысындағы ең атакты операциялар: Ленинград шайқасы (1941 шілденің 10-ы — 1944 тамыздың 9-ы), Мәскеу түбіндегі шайқас (1941 қыркүйектің 30-ы — 1942 сәуірдің 20-сы), Сталинград шайқасы (1942 шілденің 17-сі — 1943 ақпанның 2-сі), Курск шайқасы (1943 жылғы шілденің 5-сі — тамыздың 23-і), Берлин шайқасы (1945 жылғы сәуірдің 16-сы — мамырдың 8-і). Орал қаласында тұратын ардагерлерге бару, көмек ұйымдастыру. Хаттар жинау. Кітап құрастыруға көмектесу. Интернетпен жұмыс жасау.

30. «Соғыстың үшбу хаттары» ҰОС-ң хаттарын іздеу, хабарсыз кеткен солдаттардың деректерін іздеу. Мұрағатпен, кітапханамен жұмыс жасау тәртібі.

XI. Сынақтық қорытынды жорықтар (8 сағ)

31. Жорық, экспедицияларға дайындық. Жорық алды дайындық. Жаңа маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу. Алғашқы медициналық көмек. Өтілген тақырыптарды қорытындылау.
32. Жорық аймағын зерттеу. Өлкетанулық ізденістер. «Ақжайықтану» экспедициясына дайындық. Жылдық қорытынды есеп

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Акишев К.А., Кушиев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или – А., 1963.
2. Артамонов М.И. Сокровища саков. - М., 1973.
3. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. А-А., 1984.
4. Бейсенов А. История Казахстана - т. 1, А., 1996.
5. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы - «Арыс» баспасы, А., 2002.
6. Байдалиев Д.Д. Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау.
7. Байпақов К., Танабаева С., Сдықов М., Батыс Қазақстанның археологиялық қазбалары, А., 2001.
8. Белоусов Д.А. Литературно - краеведческий кружок в школе. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы. А.,
9. «Боздақтар» 4 том // О., 1998.
10. Емельянов Б.В., Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
11. Даринский А.В., Круглова В.А., Луканенко В.К. Краеведение. М., 1987.
12. «Қазақстан тарихы» - Бес томдық. 1-том. А.,: Атамұра, 2010.
13. Жездібаев Т.К. Жас туристерге кеңес// А., 2005.
14. Курилова В.И. Туризм - М., «Просвещение», 1988.
15. Остапец-Свешников А.А. - Программа туристско-краеведческой деятельности школьников // М.,1991.
16. Остапец-Свешников А.А. - Турист-іздесушілер жорықта «Полиграфсервис» баспаханасы, 2009 ж.
17. Ривкин Е.Ю. - Организация туристической работы со школьниками// ТКО «Искатель» 2001.
18. Титова В.В - Туристско-краеведческие кружки в школе. М., «Просвещение», 1988.
19. Теміралиева А.А. «Асыл мұра» -Көшпенділер баспасы, 2010.
20. Иващенко А., Белялов О. Қазақстан гүлдері - «Атамұра» 2012 .

Оқуға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Абай – Алматы, «Аруна» баспасы «Даңқты адамдар», 2015 .
2. Боранбаева Б.С. Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының батыр қыздары, О., 2015.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрі, Алматы, 2013 .
4. Көбесов А., Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі- А. «Санат», 2002 .
5. Хасанов Қ. Ескірмейтін есімдер – О., 2008.
6. Серікқазы Қорабай. «Қазақ би шешендері» танымдық жинақ. - А., «Айғаным» баспасы, 2016.
7. Серікқазы Қорабай. «Қазақ тарихындағы әйелдер» танымдық жинақ. - А., «Айғаным» баспасы, 2016.
8. Серікқазы Қорабай. «Қазақ батырлары» танымдық жинақ.-А., «Айғаным» баспасы, 2016.

